

Тіркелген N 2647, "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі міндетін атқарушының 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 201 бұйрығына N 2 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 77 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 1 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2884. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а ж әне б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у М и н и с т р л і г і н і ң
2 0 0 5 ж ыл ғы 2 м а у с ы м д а ғы

N 75 бұйрығына қосымша

Б і р ы ң ғ а й б ю д ж е т т і к с ы н ы п т а м а с ы н
б е к і т у б о й ы н ш а б ұ й р ы қ т і з б е с і

54. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 77 (тіркелген N 2884) "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі міндетін атқарушының 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 201 "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы, тіркелген N 2647" бұйрығына N 2 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы...

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Тіркелген N 2647 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы", Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі міндетін атқарушының 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 201 бұйрығына (2004 жылғы 3 сәуірдегі N 54 "N 2647 тіркелген, "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі міндетін атқарушының 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 201 бұйрығына, N 1 өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" - тіркелген N 2806) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

1) бюджет кірістерінің сыныптамасында:

3 "Капиталмен жасалған операциялардан алынатын кірістер" санатында 02 "Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату" сыныбындағы 1 "Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату" кіші сыныбында мынадай мазмұндағы 04 спецификасымен толықтырылсын:

"04 Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын сатудан түсетін түсімдер";

6 "Жалпы қаржыландыру" санатында 03 "Өзге қаржыландыру" сыныбындағы 1 "Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдер" кіші сыныбында мынадай мазмұндағы 03 спецификасымен толықтырылсын:

"03 Республикалық меншіктегі және кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер";

2) бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

275 және 618 бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының барлық мәтіні бойынша мынадай редакцияда жазылсын:

"275 Астана қаласының Күрделі құрылыс департаменті";

"618 Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)";

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобында:

1 "Құқық қорғау қызметі" кіші функциясында:

618 "Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)" бағдарлама әкімшісі бойынша;

1 және 3 бағдарламалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1 Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі уәкілетті орган қызметін қамтамасыз ету";

"3 Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құру";

6 "Қылмыстық-орындау жүйесі" кіші функциясында 221 "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" бағдарлама әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 12, 13 және 14 бағдарламаларымен толықтырылсын:

"12 Тергеу-тұтқынға алынған адамдарды ұстау";

"13 Тергеу изоляторларында СПИД індетіне қарсы іс-қимыл";

"14 Алматы қаласында 1 800 орынға тергеу изоляторын салу";

6 "Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек" функционалдық тобында 9 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" кіші функциясында 213 "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген бағдарламаның әкімшісі мынадай мазмұндағы 17 бағдарламамен толықтырылсын:

"17 Жұмыссыздық жөніндегі" жәрдемақы төлемдері бойынша өткен жылдардың міндеттемелері";

274 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тұрғын үй-коммуналдық, жол шаруашылығының және көліктің атқарушы органы" бағдарлама әкімшісі бойынша 7 "Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында" 3 "Сумен қамтамасыз ету" кіші функциясында мынадай мазмұндағы 11 кіші бағдарламалары бар 13 және 15 бағдарламасымен толықтырылсын:

"11 Сумен жабдықтау жүйесін дамыту үшін кредиттеу";

"13 Республикалық бюджеттің есебінен жобаны іске асыру үшін жергілікті бюджетті несиелендіру";

"15 Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру";

12 "Көлік және байланыс" функционалдық тобында:

274 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тұрғын үй-коммуналдық, жол шаруашылығының және көліктің атқарушы органы" деген бағдарламаның әкімшісі бойынша 1 "Автомобиль көлігі" кіші функциясында 24 "Ауданаралық (қалааралық) жолаушылар тасымалын ұйымдастыру" бағдарламасы алынып т а с т а л с ы н ;

9 "Көлік және байланыс саласындағы өзге де қызметтер" кіші функциясы мынадай мазмұндағы 24 бағдарламасы бар 274 бағдарлама әкімшісімен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"274 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тұрғын үй-коммуналдық, жол шаруашылығының және көліктің атқарушы органы";

"24 Жолаушылар тасымалын ұйымдастыру";

3) 130 "Тауарлар сатып алу" кіші сыныбындағы 1 "Тауарлар мен қызмет көрсетулерге шығындар" сыныбындағы 1 "Ағымдағы шығындар" санатында

шығыстардың экономикалық сыныптамасында:

"136 Ел ішіндегі қызметтік іссапарлар";

"137 Елден тысқары жерлерге қызметтік іссапарлар".

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы және функционалдық талдау департаменті (Д.М.Шәженова) Заң басқармасымен (М.Д.Әйтенев) бірге осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр